

Рахат А., Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университеті, Бизнес және құқық, технологиялар факультеті, Ю-18-3, студенті
(*Ғылыми жетекші – з.ғ.к., доцент Сопыханова А.Б.*)

РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ МЕН ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ТАЛДАУ

Шетел мемлекеттерінің заңдардың салыстырмалы сараптау мәселесі және сол заңдарды қолданудың оң нәтижелі тәжірибесімен танысу шетелдердің экологиялық құқық мәселелері бойынша бір-біріне жақындау қажеттілігінен туындаса керек. «Ұқсас және әртүрлі құқықтық жүйедегі мемлекеттердің келісе отырып құқықтық дамуы адамзат баласының жаһандандудың экологиялық дағдарысы кезеңінде тіршілік көзін сақтап қалу қажеттігімен сипатталады. Әртүрлі елдердің заңдарының бір-бірімен жақындасуы «құқықтық стандарттарды», «келісілген процедураларды», «ұсынылатын нормаларды» қолдану жолымен, сол сияқты құқықтық мәселелерді шешуде ортақ көзқарастарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады»[1,566].

ТМД елдерінің дамуындағы жалпы тенденциялар көзге көрініп тұр. Экологиялық құқық саласында мазмұны жағынан өте ұқсас нормативтік актілер қабылдау және заңдарды кодификациялау әрі экологизациялау Қазақстан, Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да елдерге тән болып отыр. Қазақстан бұл орайда сәл алға шығып отыр, оған дәлел бізде Экологиялық кодекс қабылданған болса, Ресей Федерациясында оның жобасы әлі талқылау үстінде. А.А. Трайнинның пікірінше, заңдардың үйлесу процесі экологиялық сақтандыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және объектілердің құқықтық режимі, экологиялық рұқсат беру сияқты құқықтық институттарды қолдану барысында байқалады[2, 676.]. Сонымен қатар, Қазақстанның және басқа да елдердің экологиялық заңдарында олқылықтар да жоқ емес. Аталған елдердегі заңдарды сараптау ондағы рекреациялық табиғат пайдалану институтының дамымағандығын көрсетеді. Онымен салыстырғанда емдеу-сауықтыру аумақтарының институты құқықтық тұрғыдан алғанда анағұрлым кеңінен қамтамасыз етілген. Мысалы, Ресей Федерациясында 1995 жылы 27 қаңтарда «Табиғи емдеу ресурстары, емдеу-сауықтыру жерлері және курорттар туралы» Федералды Заң қабылданды. Бүгінгі таңда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА – ООПТ) саласындағы ұлттық заңнамалардың дамуын екі кезеңге бөлуге болады. ЕҚТА бірінші кезеңі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына тап болды: 1991-1996 жылдары ОА барлық елдерінде ЕҚТА туралы заңдар қабылданды. Одан кейін ол заңдарға көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Қазіргі уақытта ЕҚТА саласындағы көршілес елдердің ұлттық заңнамаларының дамуының екінші кезеңі байқалады: Өзбекстанда 2004 жылдың желтоқсанында ЕҚТА туралы заң қабылданды, сондай-ақ, Қырғызстан мен Қазақстанда да ЕҚТА туралы заңдар қабылданды. Ресей Федерациясында екі кезеңге бөліну көзделмеген. Онда қазіргі күнге дейін 1995 жылғы 14 наурызда қабылданған «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» Федералды заңы қолданылады, бірақ оған бірнеше рет 2001 жылғы 30 желтоқсандағы, 2004 жылдың 22 тамызында, 29 желтоқсанында, 2005 жылы 9 мамырда, 2006 жылы 4 желтоқсанда және 2007 жылы 23 наурызда және 10 мамырда өзгертулер мен толықтырулар енгізілді[3,596]. Бірқатар елдерде – Украина, Молдова Республикасы – тағы бір кезеңді қарастыруға болады. Ол экологиялық жүйе туралы заңдарды қабылдаумен басталды. Өзара функционалды байланысқан ЕҚТА-ды құру проблемасы 70-жылдары пайда болды. Мұндай өңдеулер аудандардағы табиғат қорғау және табиғат бөлімдерінің аумақтық кешенді кестелерінде өз көрінісін тапты. Олар сол аудандардағы экологиялық тораптарды одан әрі дамытудың негізі болып табылады. Екінші жағынан алғанда, аталған кестелер қазіргі уақытта аз пайдаланылады, себебі мемлекеттік басқару барлық деңгейде орталықтан жергілікті аймақтарға көшірілген. 1997 – 1999 жылдары ресей сарапшыларының бастамасы бойынша – олар Еуропа одағы Панъеуропалық экологиялық торапты құру бойынша сарапшылар Комитетінің мүшелері болып табылады – Солтүстік Еуразияның Экологиялық торабын құру бойынша Жұмыс тобы құрылды. Сол Жұмыс тобының қызметіне аумақтық табиғат қорғау саласындағы сарапшылар, мемлекеттік табиғат қорғау қызметтерінің қызметкерлері, Солтүстік Еуразия елдерінің басым көпшілігінен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Ең алғашқы болып Украинаның «Украинадағы экологиялық желісі туралы» 24.06.2004ж. Заң қабылданды. Аталған Заң Украинаның 16.06.1992ж. «Украинаның табиғи-қорықтық қорлары туралы» Заңымен қатар қолданылады. Бұл Заңдар Украинаның экожелісін пайдалануды және

қорғауды реттеудің құқықтық негізі болып табылады. Олар аумақтардағы табиғи-ресурстық дамуды арттыру, биологиялық және ландшафттық әртүрлілікті сақтау, жан-жануарлар мен өсімдіктердің құнды түрлерін және олардың тіршілік ету жерлерін қорғауды мақсат етеді. Заңға сәйкес экожелілердің құрылымдық бөлімдері болып мыналар танылады:

- табиғи-қорықтық қорлардың аумақтары мен объектілері;
- су қоры жерлері, су-батпақ, суқорғау аумақтары;
- орман қоры жерлері;
- табиғи ресурстарымен бірге сауықтыру мақсатындағы жерлер;
- тұрғындардың көпшілік демалысын және туризмді ұйымдастыру үшін, сондай-ақ спорттық шараларды өткізуге пайдаланылатын рекреациялық мақсаттағы жерлер;
- өзге де табиғи аумақтар мен объектілер (далалық жерлер, жайылымдар, пішендік жерлер, тасты шашылымдар, құм, сор, қорғауды қажет ететін ерекше табиғи құндылықтары бар табиғи объектілері бар жер учаскелері);
- Украинаның Жасыл кітабына кірген, табиғи өсімдіктер жинағы өсетін жер учаскелері;
- Украинаның Қызыл кітабына енген хайуанаттар түрлері мекен ететін мен өсімдіктер түрлері өсетін аумақтар;
- жартылай ауыл шаруашылығы мақсатында қолданылатын жерлер: жайылымдар, пішендік жерлер, шалғындар және т.б.;
- ерекше мәртебесі бар табиғи аймақтар ретінде жеке қорғауды қажет ететін және пайдаланылмайтын, радиоактивтік ластанған жерлер;

Заңда Украинаның экожелісін қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қаралған, олар:

Украинаның Министрлер Кабинеті және Крым Автономиялық Республикасы министрлер Кеңесінің, облыстық, Киев және Севостополь қалалық мемлекеттік әкімшіліктер жанынан басқарушылық кеңес құру;

Украина аймағын жоспарлаудың Бас үлгісі, Крым Автономиялық Республикасы экоторабын қалыптастырудың аймақтық үлгісі құрамында және аудандардың, тұрғылықты жерлер мен өзге де аумақтардың облыстық, жергілікті экоторабын қалыптастырудың үлгісі құрамында Украина экожелісін қалыптастырудың құрама үлгісін дайындау арқылы экоторап жобалау; Экожелілік аумақтар мен объектілердің тізімін қалыптастыру;

Арнайы ғылыми бағдарламаларды, экожелінің мемлекеттік мониторингісін және т.б. дайындау және жүзеге асыру. Жалпы бұл далалық экожелі жағдайын сақтауды және жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған, соңғы уақыттары Украинада қабылданған аса маңызды нормативтік-құқықтық акт.

Молдова Республикасында да ЕҚТА туралы заңнамаларының дамуында жаңа кезең басталды. 2007 жылы 5 сәуірде «Экологиялық желі туралы» Заң қабылданды, оның мақсаты панъеуропалық экологиялық желі және жергілікті экологиялық желінің құрамдас бөлігі ретіндегі ұлттық экологиялық желінің құқықтық негіздерін құру және дамытуды қалыптастыру, ұлттық және жергілікті экологиялық желілерді басқару және қорғау режимін бекіту, сондай-ақ осы саладағы жария басқару органдарының өкілеттілігі мен міндеттерін бекіту болып табылады[4].

Осы Заңның 3-бабына сәйкес экологиялық желі экологиялық жүйеге және табиғи кешендерге енгізілген тірі организмдердің барлық түрлерінің табиғи генетикалық әртүрлілігін сақтау мақсатында, сондай-ақ жақын аумақтарда өмірге қажетті қолайлы жағдайлар туғызу және ұзақ уақыттық дамуды қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Ұлттық экологиялық желінің қызметі:

- ландшафты және экожеліні қалпына келтіру және сақтау;
- биологиялық және генетикалық әртүрлілікті сақтау;
- жер қыртысының бүліну үдерісін азайту;
- өсімдіктер жамылғысын сақтау, қорғау, қалпына келтіру және кеңейту;
- жануарлардың жемшөптік қорын жақсарту;
- аумақтың рекреативтік құндылығын арттыру;
- су объектілерін сақтау және қалпына келтіру, оның сапасын жақсарту;
- экологиялық желіге жақын орналасқан учаскелерде табиғи үдерістерді тұрақтандыру.

Қазақстан Республикасында да осыған ұқсас заңды қабылдайтын мерзім жетті. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамаларға Ж.К.Рысбекова өзінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың әрекеттерін құқықтық реттеу» деген

тақырыптағы диссертациялық жұмысында толықтай талдау жасайды. Оның айтуынша, соңғы бірнеше жылдар аралығында табиғатты қорғау саласының мамандары мен ОА елдерінің табиғатты қорғау заңнамалары саласының сарапшылары аймақтың биологиялық және ландшафтық әртүрлілігін сақтау механизмін жетілдіру және шекаралық тасымалдау ЕҚТА құру мақсатында ЕҚТА саласындағы аймақ елдерінің заңнамаларын үйлестіру қажеттігі туралы айтып жүр[5,456]. ЕҚТА саласындағы аймақ елдерінің заңдылықтарын үйлестіру бойынша жұмыс Батыс Тянь-Шань биоәртүрлілігін сақтау бойынша Мемлекеттік аралық Тасис жобасы шеңберінде және Батыс Тянь-Шань биоәртүрлілігін сақтау бойынша (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан) Ортаазиялық шекаралық тасымалдау жобасы барысында жүргізіле бастады. Әрі қарай аймақтың төрт елі: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан мемлекеттері азық-түлік және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша БҰҰ –ның TCP/INT/2903 «Ерекше Қорғалатын Табиғи Аумақтар туралы Заңдарын Үйлестіру және жетілдіру» (ФАО) жобасын орындауға қатысты.

Жақын шетел мемлекеттерінің көпшілігінде «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» түсінігі ұқсас. Мысалы Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Өзбекстанда және Түркменстанда ол ерекше қорғау және пайдалану режимі бар аса құнды жер және су учаскесі дегенді білдіреді. Атауы тек Өзбекстанда ғана өзгеше: онда «қорғалатын табиғи аумақ» деген термин қолданылады. Соған қарамастан, қарастырылып отырған мемлекеттерде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына әртүрлі табиғи кешендер кіреді. Жақын шетел мемлекеттерінің әрқайсысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар түрлерінің саны әртүрлі. Барлық Жақын шетел мемлекеттерінде ЕҚТА жерлері мемлекет меншігіне жатады. Өзбекстанда жеке қорықшалар құруға рұқсат беріледі. Қырғызстанда ЕҚТА жерлері, аңшылық қорықтарынан басқалары, ЕҚТА жерлерге жатады. Тәжікстанда, Түркменстанда және Өзбекстанда ЕҚТА жерлері табиғатты қорғау мақсатындағы жерлерге жатады (Тәжікстанда аңшылық қорықтарынан басқалары). Қырғызстанда және Тәжікстанда аң аулау қорықшаларына жататын жерлер олардың мақсаттарына қарай жердің өзге категорияларына жатады (ауылшаруашылық мақсаттағы жерлер, орман қорына жататын жерлер, су қоры немесе қордағы жерлер). Республикалық маңызы бар ЕҚТА жерлерді ЕҚТА жерлеріне жатқызу Үкіметтің (Министрлер кабинетінің) шешімі бойынша жүргізіледі. Жергілікті ЕҚТА жерлерін ЕҚТА жерлерге жатқызуды жергілікті атқарушы органдар шешімі бойынша жүргізеді. Жерлерді ЕҚТА жерлеріне жатқызу негізіне ЕҚТА саласының өкілетті органдарының (осыған мүдделі орталық және жергілікті атқарушы орган) мемлекеттік экологиялық экспертизасының оң қорытындысын көрсету болып табылады. Жерді белгілеуді жер ресурстарын басқару бойынша өкілетті органдар мен оның жергілікті органдары жүзеге асырады [6,726]. Барлық Жақын шетел мемлекеттерінде ЕҚТА туралы заңдылықты бұзғаны үшін жауапкершілік бекітілген. ЕҚТА туралы заңдылықтардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік қылмыстық заңдылықтар мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдылықтарға сәйкес туындайды. Бұл мемлекеттердің қылмыстық және әкімшілік заңдылықтарында ЕҚТА режимдерін бұзғаны үшін тартылатын қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктерді қарастыратын арнаулы нормалар, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік те қарастырылған. ЕҚТА туралы заңдылықтарды бұзу негізінде тигізген залалды өтеу ерікті түрде немесе сот шешімі бойынша бекітілген такса тәртібі мен залалдың орнын толтыру әдісіне сәйкес жүргізіледі. Орталық-Азия аймақтарындағы мемлекеттердегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдардың қайта өңделгеніне қарамастан оларда рекреациялық табиғатты пайдалану туралы нормаларға өте аз көңіл бөлінген. Жақын шетел мемлекеттерінің экологиялық заңдылықтарында көп жағдайда рекреациялық зоналарды құқықтық реттеу ұлттық табиғи саябақтар туралы нормалар шеңберінде жүргізіледі. Олар ерекше экологиялық, мәдени және эстетикалық құндылығы бар табиғи объектілерді және кешендерді табиғатты қорғау, рекреациялық, ғылыми және мәдени мақсаттарда сақтау және пайдалану үшін құрылады. Ұлттық табиғи саябақтарда қорғаудың сараланған режимі іске асырылады және аумақты қызметіне қарай зоналарға (учаскелерге) бөлу жүргізіледі. Әртүрлі қызметтік зоналар мен кішкентай зоналар бөлінген: қорықтық режимдегі, тапсырыстық режимдегі кішкентай зоналар, рекреациялық пайдаланудағы, әкімшілік-өндірістік мақсаттағы, келушілер мен туристерге қызмет көрсету, шектелген шаруашылық әрекеттегі және т.б. зоналар. Біздің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдылықтарымыз өзге мемлекеттердің осыған ұқсас заңдылықтарынан өзгеше. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы Заңында және осы Заңның 1997 жылғы нұсқасында да ЕҚТА

құрамына сауықтыру мақсатындағы табиғи кешендер кірмейді. Ресей Федерациясында 1995 жылғы 14 наурыздағы №33-ФЗ «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Федералдық заңының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың категориялары мен түрлері» 2-бабында мыналар көрсетілген: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің ерекшеліктерін және мәртебесін ескере отырып оның құрамындағы табиғатты қорғау мекемелері аталған аумақтардың мынадай категорияларына бөлінеді:

- мемлекеттік табиғи қорықтар, соның ішінде биосфералық;
- ұлттық саябақтар;
- табиғи саябақтар;
- мемлекеттік табиғи қорықшалар;
- табиғи ескерткіштер;
- дендрологиялық саябақтар және ботаникалық бақтар;
- емдеу-сауықтыру орындары және шипажайлар[7].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санаты ретіндегі емдеу-сауықтыру орындары және шипажайлар Қырғызстанның (сауықтыру мақсатындағы табиғи аумақтар), Өзбекстанның (Қорғалатын ландшафттар (шипажайлық табиғи аумақтар, рекреациялық зоналар, су қорғау зоналары, жағажайлар, су объектілерін санитарлық қорғау зоналары, су беті және су астын қалыптастыру зоналары), Түркменстанның (сауықтыру мақсатындағы табиғи аумақтар) заңдарында да қарастырылған. Осы заңдарды дамытуда кіші заңдық нормативтік актілер қабылданады. Мысалы, Өзбекстан Республикасында туризм мен рекреациялық әрекетті дамытуда маңызды рөлді үкіметтік шешімдер орындады. Мысалы, Өзбекстан Республикасы Министрлер кабинетінің 2000 жылғы 10 наурыздағы №83 «Чимган-Чарвак аймағын игеруге кешенді және жүйелі әдістерді қолдануды қамтамасыз ету және табиғат байлықтарын сақтау бойынша шаралар туралы» Қаулысында бұл аумақ өзінің табиғи-климаттық жағдайларына қарай шипажайлық және рекреациялық мақсаттағы ерекше қорғалатын табиғи зонаға жатады деп көрсетілген. Осыған байланысты, бұл аймақта табиғатқа аса үлкен залал тигізетін кәсіпорындар тарапынан келетін экологиялық қатерді төмендету және жергілікті туризмнің экономикалық әлеуетін анықтау мақсатында инфрақұрылымды қайта құру жүргізілді. Осы аумақта орналасқан барлық объектілер мен құрылыстарды тізімге алу ғана емес, қалдықсыз және экологиялық жағынан қауіпсіз қуат көздерін енгізу де жоспарлануда. Мысалы, тазарту құрылыстары кеңейтіледі, канализациялық коллекторларды, құрылыстық инженерлік объектілерді, насосық станциялар, бас тоғандарды және газдандыру тораптарын қайта салу басталады. Құжат бойынша егер зона аумағында аяқталмай қалған құрылыс қалатын болса, ол 2001-2005 жылғы құрылыс салу жоспарына енгізілуі керек, олай болмаған жағдайда олар бұзылып, алынып тасталады. Қазірдің өзінде Чимган-Чарвак зонасын салу туралы бұрын қабылданған барлық шешімдерге ревизия жүргізіліп жатыр. Соның ішінде дислокация туралы қайта қарарлар. Бұл жерде мәселе тек қана Чарвак су қоймасының жағалауына салынған, экологиялық жағдайға зиян келтіретін және суды ластайтын кейбір объектілерді қайта орналастыру мен өзбетімен салынған құрылыстардың көзін жоюды қарастырған жоқ. Табиғатқа кері ықпал ететін кез келген өндірістік, ауылшаруашылық және өзге өндірістік құрылыстар салуға да тыйым салынды[8].

Тәжікстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңында заң шығарушы шипажайлық аймақтарды, емдеу-сауықтыру зоналарын, табиғи рекреациялық зоналарды жеке – жеке бөлген. Мысалы, бұл заңда арнаулы «Табиғи рекреациялық зоналар» деген IX бөлім бар. «Жалпы ережелердің» 35-бабына сәйкес табиғи рекреациялық зоналарға тұрғындардың көпшілік демалысын ұйымдастыруға және туризмге арналған ерекше қорғалатын аумақтар немесе су учаскелері жатады. Табиғи рекреациялық зоналар оған мүдделі жерді, суды және орманды пайдаланушылармен келісілген жергілікті билік органдарының ұсынысы бойынша, Тәжікстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жарияланады. Заңның 36-бабында табиғи рекреациялық зоналардың режимі бекітілген. Табиғи рекреациялық зоналар аумағында қоршаған ортаға кері әсер ететін, сондай-ақ табиғи ландшафтың күрт өзгеруіне әкеп соғатын шаруашылық және өзге де әрекеттерді, сондай-ақ осы зоналарды олардың мақсаттарына қарай пайдалануына кедергі келтіретін өзге де әрекеттер жүргізуге тыйым салынады. Табиғи рекреациялық зоналарды тұрғындардың көпшілік демалысы мен туризмді ұйымдастыруға пайдалану еңбек ұжымдары, кәсіподақ ұйымдары, туристік мекемелердің осы аумақтың табиғат ресурсын негізгі пайдаланушымен жасаған келісімшартына сәйкес, осыған өкілетті табиғатты қорғау саласының арнаулы мемлекеттік органдарының келісімімен

жүргізіледі. Табиғи рекреациялық зоналардың режимі Тәжікстан Республикасы Үкіметі бекіткен Ережеге сәйкес анықталады[9]. Рекреациялық зоналарды өз алдына бөлектеу рекреациялық табиғатты пайдалануды реттеу құқығында ұтымды тәжірибе болып табылады. Сонымен бірге айрықша қорғалатын табиғи аумақ қатарына өз алдына бөлек рекреациялық зоналарды ғана емес, сонымен бірге емдік-сауықтыру жерлері мен курорттарды енгізуге келіспейміз, өйткені олар құрылуы, арналуы бөлек, құқықтық режимі секілді мақсаттары басқа болып келеді. Көрсетілген категорияларды бір заңда араластыру жақын шет елдік мемлекеттердің ішінде Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасында ғана кездеседі. ЕҚТА тізімінде 2006 жылғы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңында рекреациялық аймақтар, емдік-сауықтыру жерлері мен курорттар көрсетілмеген. Алайда мұнда мемлекеттік зоологиялық бақтар (парктер), дендарийлер мен ботаникалық бақтар кірзілген, бұл біздің пікірімізше дұрыстыққа жатпайды. Олар, негізінен, «табиғи» деп аталмайды, жануарлар мен өсімдіктердің қолдан жасалған ортасына жатады. Бұл жағынан алғанда барынша жетілген заң – 1994 жылдың 20-қазанындағы №3335 (2000ж. 23-мамырындағы №396-3 Заңның редакциясында) «Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Беларусь Республикасының Заңы деп айтуға болады. «Айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары мен түрлері» аталатын 3- бапқа сәйкес, айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың категориялары мен түрлері айрықша қорғалатын, бекітілген күзет режимі бар, ерекше пайдаланылатын, табиғи кешендер мен нысандар, сондай-ақ олардың қызметін мемлекеттік басқару дәрежесінде қадағалануына байланысты келеді[10].

Айрықша қорғалатын табиғи аумақ категорияларына мыналар бекітіледі:

- қорық;
- ұлттық парк (бақ);
- тапсырыс берілер жер (заказник);
- табиғат ескерткіші.

Қорықтар мен ұлттық парктер республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақ болып табылады.

Тапсырыс берілетін жерлер (заказниктер) мен табиғат ескерткіштері ерекше қорғалатын республикалық және жергілікті маңызы бар табиғи аумаққа жатуы мүмкін.

Тапсырыс берілетін жерлер (заказниктер) мен табиғат ескерткіштері осы Заңның 30 және 36-баптарына сәйкес түрлерге бөлінеді.

АҚТА осы тұрғыдан жіктеген мейлінше тиімді деп білеміз. Бұған Қазақстандағы қорық аймақтарын қосуға болады.

Өз алдына бөлек рекреациялық аймақтардың құрылуы (ұлттық табиғи парктердің құрамында болуы міндетті емес) өте-мөте қажетті. Бұл туризмнің көлемін, соның ішінде экологиялық пен биоәртүрлілікті сақтаудың мемлекеттік жобасын кеңейтуге бағытталған Жақын Шет елдердің мемлекеттік саясаттарымен де үйлесім табады.

Қазіргі күні Орталық Азияда жергілікті ынтымақтастық базасында (CommunityBasedTourism - СВТ) туризмді қалыптастыруға байланысты бірнеше халықаралық жобалар бар. Мәселен, Швейцарияның үкіметтік емес <Хельвигас> ұйымының арқасында Қырғызстанның бірқатар Кочкорка, Нарын, Тамчи кенттерінде СВТ қызмет көрсетуде.

СТВ-ның мақсаты: біріншіден, ауыл аймақтарында өмір деңгейін көтеру үшін табыс табуға; екіншіден, ұлттық-дәстүрлі шаруашылықтарды қолдануға; үшіншіден, табиғат зоналары мен одан кемдеу әсерін тигізетін туризмге зиян келтіретін аграрлық зоналарды ауыстыру; төртіншіден, Қырғызстанның табиғаты мен мәдениетін сақтауға жергілікті халықты жұмылдыру; бесіншіден, туристермен өзара рухани алыс-беріс байланыстар жасау[11,656].

СТВ-ның негізгі қызметі:

- туристерге қызмет көрсету (орналастыру, тамақтандыру, экскурсиялар ұйымдастыру, қонақжайлылық, сервис);
- көрсетілер қызметтердің сапа мониторингісі;
- қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған шаралар жоспарын дайындау, енгізу және бағалау;
- <Хельвигас>-пен біріге отырып СТВ өнімдерін өткізу мен маркетингі;
- аталған аймақтағы табиғаттың биоәртүрлілігін сақтау бойынша жергілікті әкімшілікпен өзара қызметтік байланыс жасау;
- турөнімдерін дайындап, жетілдіру;

Қырғыстанда, Қазақстанда және Өзбекстанда өзінің мүмкіншілігін көрсетіп үлгірген <Хельвита> жобасынан басқа, қоршаған ортаны қорғауға тікелей не жанама түрде қатысы бар, жергілікті халықты туризмге жұмылдыру әрі Батыс Тянь-Шяньнің биоәртүрлілігін сақтау бойынша ГЭФ - Әлемдік банкі мен халықаралық ТАСИС жобасы да өзінің қызметтерін көрсетуде. Бұл бөлікте денсаулықты жақсартатын табиғатты пайдалануды құқықтық реттеу секілді экологиялық заңнама мәселесін де қарастыра кеткіміз келеді. Жақын шет ел мемлекеттердің көпшілігінде бұл мәселе әлі күнге реттелмей жатыр. Сонымен бірге Жақын шет ел мемлекеттерінде курорттар мен емдік-сауықтыру жерлерін пайдалану салығынан түскен қаржы мемлекеттік кірістің негізгі бөлігін құрайды.

Осылайша, Қырғыстан Республикасы Салық кодексінің 32 тарауында Қырғыстан Республикасы аумағында өздеріне қарасты жерлерде жергілікті кеңестің - жергілікті өзін-өзі басқару аудандық және қалалық органдарының шешімімен салынар алым-салықтар түрлері қарастырылған.

Жергілік салықтың бір түрі Қырғыстан Республикасының Үкіметі тізімін бекіткен курорттық аумақтағы курорттық салық болып табылады. Аумағында курорттық жерлері бар аудандық кеңеш санаторийларда, демалыс үйлерінде, пансионаттарда, қонақ үйлері мен басқа да қонақ үйлері секілді орындарда тұрғаны үшін бір күндік төлемінен 3 пайызға аспайтын және үйлерде (пәтерлерде) бір күндік төлемі минималды бір айлық жалақының есептік көрсеткішінен 10 пайызға аспайтын салық көлемін белгілейді.

Курорттық салық төлейтіндер курорттық жерлерді тұрақты мекен-тұрағы жоқ жеке тұлғалар мен курорттық жерлерге дем алуға, іссапарға, жұмысқа келгендер болып табылады. Мұндай төлемнен босатылатындар: 16 жасқа дейінгі балалар; I және II топтағы мүгедектер мен олардың қасындағылар; зейнеткерлер; бюджеттік ұйымдар жұмыс істейтін қызметкерлер мен курорттық жерлерге қызметтік іссапармен, оқуға және тұрақты мекен етуге келгендер; курорттық жерлерде тұратын ата-аналарына келген балалар; санаторийда дем алып жатқан әскери қызметкерлер мен олардың отбасылары. Қырғыстанда да осындай – 1999 жылдың 21 желтоқсанындағы «Табиғи емдік рерустары, емдік-сауықтыру жерлері мен курорттары туралы» Қырғыстан Республикасының Заңы қабылданған.

Осындай заңды қабылдау тәжірибесін дұрыс деп білеміз. Қазіргі күні Қазақстан Республикасында, басқа Жақын Шет елдерде де осындай заңды қабылдау қажеттілігі туып отыр. Рекреациялық табиғат пайдалану бойынша Жақын Шет елдердің заңнамасына салыстырмалы талдау жүргізуіміз мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Жақын Шет ел мемлекеттерінің заңнамасында рекреациялық табиғатты пайдалану институты еш дамымағаны байқалады. Бір қатар нормалар айрықша қорғалатын табиғи аумақтар және ұлттық табиғат парктері құрамындағы рекреациялық аймақтар туралы заңдарда кездесіп қалады. Емдік-сауықтыру занолар институты тікелей ұғымда қамтамасыз етілген.

2. Рекреациялық зоналарды өз алдына бөліп алу рекреациялық табиғатты пайдалануды құқықтық тұрғыдан реттеудегі ұтымды тәжірибе болып табылады. Алайда тек Тәжікстан Республикасының «Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңында ғана рекреациялық табиғи зоналар бөлек алынған.

3. Айрықша қорғалатын табиғи аумақ категорияларына жататын емдік-сауықтыру жерлері мен курорттар Қырғыстанның (сауықтыруға арналған табиғат аумақтары), Өзбекстанның (Қорғалатын ландшафтар (курорттық табиғи аумақтар, рекреациялық зоналар, су қорғайтын зоналар, жағалау телімдері, су нысандарын санитарлық қорғау зоналары, су асты, су үстін құрайтын зоналар), Түркіменстанның (сауықтыруға арналған табиғи аумақтар), Тәжікстанның (курорттық зоналар, емдік-сауықтыру зоналары) заңдарында да қарастырылған.

Қазақстан Республикасында да «Экологиялық торап (жүйе) туралы» заң қабылдаудың қажеттілігі туып отыр. Оның мақсаты панъеуропалық экологиялық жүйенің және жергілікті экологиялық жүйенің құрамдас бөлігі ретіндегі ұлттық экологиялық жүйені, ұлттық және жергілікті экологиялық жүйелердің режимін анықтауды, сондай-ақ осы салада көпшілік (ашық) басқару органының өкілеттігі мен міндеттерін құру мен дамытудың құқықтық негіздерін қалыптастыру.

6. Өз алдына бөлек рекреациялық зоналарды құру (ұлттық табиғи парк құрамында емес) өте қажет. Мұның өзі туризм көлемін ұлғайтуға (соның ішінде экологиялық) бағытталған Жақын Шет елдердің мемлекеттік саясатымен, сондай-ақ биоәртүрлілікті сақтау туралы халықаралық жобалармен де сәйкес келеді. Жақын шет елдері мемлекеттерінде рекреациялық табиғатты пайдалану туралы заң қабылдануы керек.

7. Жақын Шет елдер аумағында Ресей Федерациясы мен Қызығызстан Республикасында ғана курорттар мен емдік-сауықтыру жерлерін қорғау мен пайдалану бойынша қатынастарды реттейтін заңдық нормативтік акт қабылданған. Бұлар – 1995 жылдың 27-қаңтарындағы «Табиғи емдік ресурстар, емдік-сауықтыру жерлері мен курорттар туралы» Ресей Федерациясының Федеральдық Заңы мен 1999 жылдың 21-желтоқсанындағы «Табиғи емдік ресурстар, емдік-сауықтыру жерлері мен курорттар туралы» Қырғызстан Республикасының Заңы. Мұндай заңды қабылдауды ұтымды деп білеміз. Қазіргі күні Қазақстан Республикасында, сонымен бірге Жақын Шет ел мемлекеттерінде осындай заңдарды қабылдау қажеттілігі туындап отыр. Экологиялық туризмге байланысты жақын шетел мемлекеттерімен ішін ара ҚР – ның тәжірибесінде алыс шетел мемлекеттерінде оңды нәтижелерін кеңінен пайдалануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Экологическое право России / Под ред. В.Д. Ермакова, А.В. Сухарева.
- 2 А.А. Трайнин. Национальные парки в СССР.
- 3 Боголюбов с.А. Экологическое право России. - М., 1996;
- 4 Молдова Республикасының 2007 жыл 5 сәуірдегі «Экологиялық торап туралы» Заңы.
- 5 Рысбекова Ж.К. «Правовое регулирование деятельности государственных национальных природных парков РК»: Дисс.заң ғылымдарының канд. – Алматы-2007
- 6 Е.В. Новикова. Теоретические вопросы развития экологического законодательства в Республике Казахстан. Алматы: Дәнекер 2006.
- 7 Ресей Федералды 1995 жылғы 14 наурыздағы №33-ФЗ «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Федералдық Заңы
- 8 Өзбекстан Республикасы Министрлер кабинетінің 2000 жылғы 10 наурыздағы №83 «Чимган-Чарвак зонасын игеруге кешенді және жүйелі әдістерді қолдануды қамтамасыз ету және табиғат байлықтарын сақтау бойынша шаралар туралы» Қаулысы
- 9 Тәжікстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы.
- 10 Закон Республики Беларусь «Об особо охраняемых природных территориях» от 20 октября 1994 г. N 3335-ХП Национальный реестр правовых актов Республики Беларусь. 2000. N 52, 2/171.
- 11 Бринчук М.М. Экологическое право (Право окружающей среды). - М.: Юристь, 1998

Рябушко Д.А., Карагандинский государственный технический университет, факультет инновационных технологий, гр. Исм-19-2, магистрант
(Научный руководитель – доктор PhД Калинин А.А.)

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА В КАЗАХСТАНЕ

Гражданское право - это отрасль права, которая объединяет в себе все правовые нормы, регулирующие имущественные, личные неимущественные отношения, возникающие между отдельными гражданами, а так же между организациями и гражданами [1]. Данная отрасль права относится к числу важнейших и фундаментальных отраслей права в силу значимости общественных отношений. Гражданское право является одной из тех отраслей права Республики Казахстан, которая неразрывно связана с повседневной жизнью и деятельностью любого гражданина, а так же юридических лиц и самого государства и его административно-территориальных единиц [2]. Многие граждане, как Республики Казахстан, так и любой страны, делая покупки в различных торговых точках, пользуясь услугами сферы бытового обслуживания, даже не подозревают, что они совершают юридически значимые действия, и что все отношения, которые складываются при этом, регулируются нормами гражданского права, что является первостепенной проблемой гражданского права современного Казахстана.

Центром предмета гражданского права являются имущественные отношения. Это отношения, которые развиваются вокруг собственности, причем собственности дается следующее определение: она включает в себя не только вещи, но и права требования. Имущественные отношения - это отношения по поводу владения, пользования и распоряжения вещами, а также другие отношения, связанные с передачей материальных благ. Но не все существующие имущественные дела регулируются гражданским правом, а только те, которые основаны на равенстве, единстве воли, а также на имущественной независимости их партнеров.

Гражданское право Республики Казахстан, прежде всего, строится по модели пандектной системы (всеобъемлющий), основы которой были заложены еще в римском праве, а более